

Көмеков Болат¹, Султанов Тұрсын²

¹Л.Н. Гумилев атындағы Евразиялық ұлттық университеті,
Астана қ., Қазақстан, e-mail: bkumek@mail.ru, тел.: +7 701 726 2270

²Санкт-Петербург қ., Ресей, e-mail: berber2008@rambler.ru

«ҚАЗАҚ» ТЕРМИНІ ЖӘНЕ ЭТНОНИМИ

Авторлар мақалада «қазақ» сөзінің шығу тәркіні мен этнониміне қатысты мәселелерді қарастырады. Мақаланың бірінші бөлігі қазақ сөзіне ұйқас келетін сөздерді талдауға арналса, екінші бөлікте авторлар өзіндік тұжырымдарын ұсынады. Алдымен, VIII-XIII ғасырлар аралығында араб-парсы тілінде жазылған еңбектердегі қазақ сөзіне ұйқас келетін терминдерге талдаулар жасалады. «Қазахия», «қасак», «хасак - тэрген», «хасактар» деген жазба деректердегі сөздердің қазақ сөзімен фонетикалық ұйқастығынан басқа ешқандай байланыс жоқ деген тұжырымға келеді. Мақаланың екінші бөлігінде авторлар қазақ сөзінің нақты көпшілік мойындаған этимологиясының жоқ екенін айта келе, «қазақ» сөзінің алғашқыда әлеуметтік мәнде қолданылғанын, кейін келе этникалық мәнге ие болғанын тарихнамалық және деректік материалдар негізінде дәлелдеп көрсетеді.

Түйін сөздер: Қазақ сөзі, Константин Багрянородный, Ауфи, хасактар, «Шахнаме», «өзбек-қазақ».

Komekov Bolat¹, Sultanov Tursyn²

¹ENU named Gumilev L.N., Almaty, Kazakhstan, e-mail: bkumek@mail.ru, tel.: +7 701 726 2270

²Sankt-Peterburg, Russian, e-mail: berber2008@rambler.ru

Ethnonym and the term «Kazakh»

In the article the authors consider the origin of the term and the problem of the ethnonym «kazakh». In the first part of the article is given an analysis of words similar to the word «kazakh» and in the second part the authors offer their conclusions. The similar terms for the word «kazakh» in arabic-persian works written in 8-13 centuries was analyzed. The authors came to the conclusion that the words from the written sources «Kazakhahia», «kasak», «hasak-tergen», «khasak» have nothing in common except phonetic similarity. In the second part, the authors speak of the fact that there is no specific etymology of the term Kazakh recognized by society. Initially, it was used in social significance, eventually acquired ethnic significance. This is evidenced by historiographic and source materials.

Key words: Word kazakh, Constantine Bagryanorodnyi, Aupi, hasaks, «Shahname», «uzbek-kazakh».

Көмеков Болат¹, Султанов Тұрсын²

¹Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева,
г. Астана, Казахстан, e-mail: bkumek@mail.ru, тел.: +7 701 726 2270

²г. Санкт-Петербург, Россия, e-mail: berber2008@rambler.ru

Этноним и термин «казах»

В статье авторы рассматривают происхождение термина и проблемы этнонима «казах». В первой части статьи дается анализ слов, похожих на слово «казах», а во второй части авторы предлагают свои выводы. Сделан анализ терминам, схожим со словом «казах», в трудах, написанных на арабско-персидских языках VIII-XIII вв. Авторы пришли к мнению, что слова из письменных источников «Казахия», «қасак», «хасак-тэрген», «хасаки» не имеют ничего общего, кроме фонетической схожести. Во второй части авторы говоря о том, что нет конкретной этимологии признанного обществом термина «казах». Изначально он использовался в социальном значении, со временем приобрел этническое значение. Об этом свидетельствуют историографические и источниковые материалы.

Ключевые слова: слово «казах», Константин Багрянородный, Ауфи, хасаки, «Шахнаме», «узбек-казах».

Кіріспе

«Қазақ» – фонетикалық құрылымы қыпшақ тіліне сәйкес келетін түрік сөзі. «Қазақ» терминінің қалыптасуы мен орнығуы жөнінде ғылыми әдебиеттерде бірнеше болжамдар бар. Зерттеушілерді көбіне-көп Константин Багрянородныйдың (X ғ.) Кавказдағы «Казахия» деген ел атауы жөніндегі деректері қызықтырады. Бұған назар аударатын тарихшылар «Казахия» сөзінің негізінен «қазақ» этнонимін көреді. Константин Багрянородныйдың хабарын түсіндіре келіп, әйгілі ағылшын шығыстанушысы В. Минорский касак деп касогтар айтылып отырғанын әбден айқын көрсеткен. Сондықтан, мұндағы сөз абхаз-адыгейлер ішіндегі касогтар туралы болып отырғандықтан касогтардың қазақтармен байланысы туралы пікір ешқандай сын көтермейді.

Бірсыпыра ғалымдардың пікірінше араб тарихшысы әл-Куфидің (X ғ.) еңбегінде «қазақ» деген сөз кездеседі. Бірақта еңбектің түпнұсқасында былай деп жазылған: «736 жылы араб қолбасшысы Марван Касак деп аталатын жерде қыстап шықты, Кура өзенінен өтіп, Шаки қаласына беттеді». Алайда бұл шығарманы оқыған адам әңгіме Әзірбайжанның батысында орналасқан Касак қонысы (VIII ғ.) туралы екендігіне көз жеткізер. Сондықтан «Касак» және «қазақ» терминдерін XIII ғасырдағы хронологиялық проблемаларға байланысты ғана емес, сонымен бірге бір-бірінен алшақ жатқан тарихи, географиялық және шаруашылық-мәдени өлшемдер кешені бойынша да салыстыруға болмайды. Бұлардан басқа тағы бір зерттеушілер «қазақ» сөзі моңғол тілінде арбаны білдіретін «хасак-тэрген» ұғымынан («Моңғолдың құпия шежіресі», XIII ғ.) шыққан дегенді айтады. Дегенмен «хасак-тэрген» термині де күмәнді, өйткені қазақ жерінде арба ешқашан бұлайша аталған емес.

Парсы тілдес әдебиетші Ауфидың антологиясы (XIII ғ.) бойынша қарлұқ тайпаларының бірі «хасактар» («хаск») деп аталған. Бірақ бұл да күмәнді атау болып шықты. Кейіннен, мұнан да алдыңғы кезеңдерге жазылған материалдарға текстологиялық және салыстырмалы-тарихи сараптама жасалған кезде мәтінде қате жіберілгені анықталды. Нәтижесінде, мәтіндегі «хасактар» сөзі «баскиль» болып өзгертілді.

Мәселенің тарихнамасы мен деректік материалдары

Араб саяхатшысы Әбу Дулафтың (X ғ.) жазбаларындағы этникалық «Хазлақ» атауы орыс шығыстанушы Н.Н. Пантусов (XIX ғ.) өзінің аудармасында көрсеткен, бірақта уақыт өте келе Н.Н. Пантусовтың «харлук» деудің орнына «хазлақ» сөзін дұрыс оқымағаны белгіленді, өйткені харлұқ тайпаның атауының жазылуы орта ғасырлардағы араб әдебиетінде солай берілген. Сол арқылы қарлұқтар мен қазақтар арасына теңдік белгісі қойылған, бұл шындыққа жанаспайды. Сондай-ақ, Фирдаусидің «Шахнаме» поэмасында (X-XI ғ. аралығы) қазақтар мен қазақ хандары туралы айтылғаны жөнінде А. Левшиннің пайымдауы негізінде кейбір ғалымдар қазақ халқының құрылуын X ғасырға жатқызған. Солай бола тұрса да, ғылыми әдебиетте шығыстанушылар парсы авторының тарихи дастанында «қазақ» термині туралы ешқандай ақпарат жоқ екенін талай рет көрсетті (Левшин, 1996:290). Бұл түсініспеушілікті түсіндіруге болады және оған қайран қалуға болмайды, өйткені А. Левшин өз білімі қаншалықты мол болғанымен, ол парсы және араб тілдерін білмеген. Сонымен, ұсынылатын болжамдардың көп жағдайларында терминдердің фонетикалық ұйқастығы алғышарт ретінде қарастырылды, салыстыруға келмейтін атаулар салыстырылды. Сонан соң, этнонимдер нақты тарихи көзқарастардың бүкіл жиынтығында емес, қайта оқшау алып қарастырылды. Соның ішінде этникалық үрдістердің өзі – этностағы уақыт жағынан өзгерістер ескерілмеді. Әдетте, деректемелерде этнонимнің пайда болуы халықтың құрылу уақытымен сәйкес келе бермейді (қырғыз этнонимі мен қырғыз халқын, түрікмен этнонимі мен түрікмен халқын, русьтер мен орыстарды және т.б. салыстырыңыз).

«Қазақ» сөзінің өзі қыпшақтар мекендейтін аймақта пайда болған деп санауға барлық негіздер бар. Бірқатар түркологтардың пікірі бойынша, «қазақ» терминінің бастапқы таралған жері шығыс Дешті Қыпшақпен байланысты болған. Қыпшақ тіліне тән осы фонетикалық ресімделуінде «қазақ» сөзінің пайда болуын А.Н. Самойлович уақыты жағынан ерте дегенде XI ғасырға жатқызған. Жазбаша әдебиетте «қазақ» термині 1245 жылы мәмлүк Египет

мемлекетінің қыпшақтары ортасында қолжазба ретінде жасалған араб-қыпшақ сөздігінде жазбаша деректемелер ішінде бірінші рет кездеседі (Самойлович, 1927:5-16). Онда бұл сөз «үйсіз», «кезбе», «қашқын» деген мағыналарда беріледі. Бұл семантикада «қазақ» терминіне әлеуметтік мағына берілген және өз руынан, тайпасынан, мемлекетінен бөлініп шығып, тіршілік құралдарын соғыс істеріне қатысу арқылы тапқан адамдарды білдірген деп санауға мүмкіндік берді және ол қазақылық институтымен байланыстырылды.

Жалпы, тарихи әдебиеттерде «қазақ» сөзінің түп-төркіні әртүрлі мағынада түсіндіріледі. Олардың кейбіреулері бұл сөздің түбірін қаз (жер қазу), қаш (қашқын) деген етістіктерден іздесе, келесі біреулері «каз» (құс ретінде) және «ак» сөздерінен шығарады. Яғни, «қазақ» сөзінің жалпы жұртшылық мойындаған нақты этимологиялық анықтамасы әзірге жоқ. Дегенмен, бұл сөздің алғашқы мағынасы «еркін», «үйсіз», «кезбе», сондай-ақ «ержүрек адам» дегенді білдіретініне ешкім де таласпайды.

Қазақстан аумағында «қазақылық институты» (ел кезіп кету) бұрыннан болғанын біз араб географы Ибн әл-Факихтың X ғасырда жазған еңбектерінен кездестіреміз. Ол оғыз билеушісі Балқик ибн Жабғу ұлының әңгімесі бойынша төмендегідей мәліметтер қалдырған: «Менің аталарымның бірі сол кезде патша болып тұрған әкесіне ренжіп, одан бөлініп кеткен. Ол өзіне серік ретінде жасақ мүшелерін тонаушылықты жақсы көретіндер арасынан тандап алады. Олар жолында кездескендердің бәрін тонай отырып, елдің шығыс жағына кеткен». Бұл біздіңше «қазақылық жасаудың» ең классикалық түрі. Тек, Ибн әл-Факих қана «қазақ» терминіне синоним ретінде арабтың «сулук» деген сөзін пайдаланған. Жалпы «салақа» деген түсінік бәдәуилер арасында өз тайпасынан орын таппаған кедей және іскер адамдарды айту үшін қолданылады. Олар өз жасақтарын құрып, бақытын ел тонаудан іздейтін (Қазақстан тарихы, 1998:306).

Екі көшпелі халықта әртүрлі айтылғанымен типтік жағынан бұл терминнің екеуі де мағынасы жағынан қазақылық институтына жақын. Ханзада Балқик ибн Жабғудың әңгімесі Сырдарияның орта және төменгі ағысында тұрған оғыз тайпалары билеушілері тарихымен тығыз байланысты. Бірақ, өкінішке орай Ибн әл-Факих араб тіліндегі «сулук» терминінің оғызша синонимін бермеген. Оғыздар арасында бұл сөздің синонимі «қазақ» болуы, олар бұл сөзді

қыпшақтардан алуы әбден мүмкін. Егер оғыздар мен қыпшақтардың көптеген ғасырлар бойы бір-бірімен аса тығыз этносоциал және этномәдени байланысты болғанын ескерсек, осының нәтижесінде олардың генетикалық, тілдік, әлеуметтік және шаруашылық-мәдени тұрғыдан бір-біріне сіңісе бастағанын байқаймыз. Соған қарағанда «қазақ» сөзі IX-X ғасырлардағы Кимек қағанаты құрамындағы қыпшақ ортасында пайда болған деп есептеуге негіз бар. Осыған орай «қазақ» сөзінің алғашында ешқандай этникалық мәні болған жоқ деген қорытынды жасауға болады. Ол өз тайпасынан бөлініп кеткен, заңды билеушіні мойындамайтын және еркін өмірді ұнататын кез келген жеке, еркін адамды білдірген. Басқаша айтқанда «қазақ» термині мәні жағынан әлеуметтік ұғым болды: бұл мәртебеге ие болған адамның немесе топтың билеушіге, қоғамға, мемлекетке көзқарасы бірден байқалатын. «Қазақтар» деп өз тобынан бөлініп қалған, ел көп бармайтын жерлерде жүретін, өзін қарумен асырайтын адамдар айтылатын; олар қиын да қауіпті жолға түсіп, күтпеген жерден өз жауларына шабуыл жасады, дұшпанының малын айдап әкетті, т.б. Кез келген адам қазақ бола алатын; онда адамның қанына (түрік немесе парсы), шыққан тегіне (қарапайым малшы немесе асыл текті ақсүйек) көп назар аударылмайтын. Осыған байланысты түрлі кезеңдерде көптеген белгілі адамдар қазақ атанды. Олардың ішінде, атап айтқанда Тоқтамыстың баласы Жалал әд-Дин, Шибан әулетінен шыққан Шығыс Дешті Қыпшақ ханы Әбілхайыр, оның немересі Мұхаммед Шайбани, Моғол билеушісі Саид хан, сұлтан Хұсайын Байқара, Бабыр, т.б. бар еді. Кейіннен олардың барлығы да өз елдеріне келіп, билеуші болды, кейбіреулері жаңа мемлекеттің негізін қалады (Шайбани хан, Бабыр). Қазақ болғандар өздерін «қазақылық жасадық» деп есептеді. Бір түсініктісі сол «қазақылық жасағандардың» өмірі тым қарапайым, тіршілігі кедей еді.

«Қазақылық» деген ұғым салт басты, жалғыз дегенді білдірмейтін. Қазақтың жанында әйелі «қазақдасы» жүруі де мүмкін еді, кедей олар үлкен «қазақ қоғамына» («жамаат-и қазақ») бірікті. Мұндай қоғамдар кейде даладағы қарақшы топтарға айналатын, кейде жергілікті билеушіні тақтан тайдыра алатын өте елеулі күш болып саналды.

Әбілхайыр ханнан бөлініп, қазақылық жасаған Керей мен Жәнібек бастаған топ міне осындай елеулі әскери күші бар ұжым болды. Оларға алғашында «өзбек-қазақтар» деген ат

таңылды. Дегенмен, бұл ат әлі этнонимге айналып үлгерген жоқ болатын, өйткені бұл кезде одан басқа «Әмір Тайбаланың қазақтары», «Шибан – қазақтар» және т.б. аттар да бар еді. Осыған қарап біз «өзбек-қазақ» деген термин Өзбек ұлысынан бөлініп шыққан деген ұғымды білдіргенін көреміз. Бір қызығы бұл уақиға халықтың есінде ұрпақтан ұрпаққа қалып, бірнеше жүздеген жылдар сақталған. XIX ғасырда этнограф А. Хорошкин бір қазақтың шежіресін сұрағанда ол: «менің аталарым өзбек болатын», - деп жауап берген.

Керей мен Жәнібектің Жетісуға көшуі қазақ халқының этногенезінде елеулі рөл атқарды. Бұл көш оның құрамының қалыптасуына ғана емес, қазіргі аталуына да шешуші әсер етті. Ал көштің өзі өтпелі кезең болған секілді, өйткені көшіп келушілер алғашында екі атпен «өзбек-қазақтар» деп аталды. Әбілхайыр хандығы әртүрлі тайпалар мен руларды біріктіргенімен олардың барлығы ортақ атпен өзбек деп аталушы еді. Ал, өзбек-қазақтар жаңа бір саяси әрі субэтникалық қоғамға бірікті, бұл қоғам біздің ойымызша Керей мен Жәнібектің 1459-1460 жылдары Жетісуға қоныс аударуынан бұрынғырақ пайда болды. Дегенмен, осы Жетісудің далалы өңірлеріне көшуден кейін барып, Орыс хан ұрпақтарының соңынан ергендерге берілген «қазақ» деген тарихи ат уақыт өте келе этнонимге айналған секілді.

«Қазақ» терминін өздеріне ат ретінде қабылдау бір жағынан Өзбек ұлысында билеуші әулеттің өзгергенін көрсетті. Бұрынғы Шығыс Дешті Қыпшақты «өзбек» деген жалпылама атпен біріктірген Шибан әулеті енді өзінен күштірек болып шыққан Орыс хан әулеттеріне билікті беруге мәжбүр болды. Сөйтіп, Ұлы Далада Шибан әулетінің билігі аяқталды. Бұл жаңадан қалыптасқан жағдай Мұхаммед Шайбанидің сарай тарихшысы Ибн Рузбиханның еңбектерінде жақсы берілген: «сонау даңқты Шыңғыс хан заманынан бастап өзбектерге үш тайпа жатады. Оның бірі – Шибан әулеті қазіргі ұлы ханымыздың (Мұхаммед Шайбани хан) арғы аталары, олар бұрынғы заманнан күні бүгінге дейін билеушілер болып келеді. Екінші тайпа – қазақтар, олар бүкіл әлемге өздерінің күшқуатымен және ержүректілігімен танылған. Үшінші тайпа – маңғыттар, ал олардың билеушілері астрахандықтар... Бұл үш тайпаның билеушілері үнемі бір-бірімен соғысып жатады, бірін-бірі бағындырғысы келеді».

Сонымен, XV-XVI ғасырлар аралығында Шығыс Дешті Қыпшақта бұрынғы Өзбек ұлысы біржола тарап кетті. Нәтижесінде, онда бір-біріне

қарсы тұрған күштер пайда болды: өзбектер – Шибан әулетін қолдаушылар, қазақтар – Керей мен Жәнібектің қол астындағылар және маңғыттар (ноғайлар) – Едіге әмірдің әулетіне бағыныштылар. XVI ғасырдың бас кезінде өзбектер мен қазақтар біржола бөлінді, Мұхаммед Шайбани хан өзін қолдаушылармен бірге (Шығыс Дешті Қыпшақтың өзбектері) Темір әулетінен Самарқандты, Бұхараны, Хорезмді және басқа да иеліктерді тартып алды да, нәтижесінде 1501 жылы және 1511 жылы өзбектер билеген Бұхар мен Хиуа хандықтары пайда болды. Сөйтіп, Шығыс Дешті Қыпшақтағы тайпалардың бір бөлігі Қазақстаннан біржола ауып, өздерімен бірге «өзбек» терминін ала кетті. Олар жаңа жерде Мауереннаһрлық Шағатай мәдениетін қабылдады да, көпшілігі отырықшы тұрмысқа көшті. Ал, Дала қазақтары өздерінің көшпелі өмірін, бұрыннан келе жатқан салт-дәстүрлерін, қоғамдық құрылымы мен дәстүрлі мемлекет басқару жүйесін сақтап қалып, Дала өркениетін жалғастырды. Сөйтіп, XVI ғасырдың бірінші жартысында-ақ Мауереннаһрға кеткен өзбектер мен Дала қазақтары екеуі екі басқа ұлт болып қалыптасты.

Міне, осы кезден бастап Шығыс Дешті Қыпшақ даласында «өзбек» термині біржола ығыстырылып, Дала тайпалары «қазақ» деген ортақ атпен аталатын болды. Ал, олар тұрған ел мен жердің аты – Қазақстан атауын иеленді.

Қорытынды

Қорытындылай келе, мынаны ескере кеткен жөн. Шығыс Дешті Қыпшақтың тұрғындары осы кезден бастап күні бүгінге дейін өздерін қазақ деп атағанымен XVII-XX ғасырдың бірінші ширегінде орыс тілді әдебиеттерде басқа этноним пайдаланылды. Ұзақ жылдар бойы орыстың тарихи әдебиеттерінде және тіпті ресми құжаттарда Қазақстанның жергілікті тұрғындары «қырғыздар», «қырғыз-қазақтар», «қырғыз-қайсақтар» (бұл жерде «қазақ» сөзі кемсітіліп, «қайсаққа» айналған) деп берілді (ал нағыз қырғыздардың өздері орыс тілді құжаттарда «кара-қырғыздар» немесе «жабайлы тау (ди-кокаменный) қырғыздары» деп аталған). Г.Ф. Благованың зерттеулеріне қарағанда «казах» сөзі («қазақ» атауының орыс тіліндегі нұсқасы) орыс тілді еңбектерде алғаш рет 1822 жылы пайда болды. 1865 жылы «қазақ» сөзі сөздіктерге енгізілді, ал 1936 жылдан бастап бұл сөз орыс тілінде ресми түрде бекітілді. Бұл атау осы жылдан бастап Қазақстанның әкімшілік-аумақтық құрылымын атау үшін ресми түрде қолданысқа енгізілді.

Әдебиеттер

- Левшин А.И. (1998) Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей / под общ. ред. академика М.К. Козыбаева. – Алматы.
- Самойлович А. (1927) О слове «казах» // Казахи. Антропологические очерки. Вып. 11. – Ленинград.
- Қазақстан тарихы. (1998) Том 2. Көне замандардан бүгінгі күнге дейін. Алматы.

References

- Levshin A.I. (1998) Opisanіye kirgiz-kazachikh ili kirgiz-kaysatskikh ord i stepey [Description of kirghiz-cossack or kirghiz-kaisak hordes and steppes]. Pod obshch. red. akademika Kozybayeva M.K. Almaty.
- Samoylovich A. (1927) O slove «kazakh» [About the word kazakh]// Kazakhi. Antropologiches-kiye ocherki. Vyp.11. Lenin-grad.
- Kazakhstan tarikhy [History of Kazakhstan]. (1998) Tom 2. Kone zamandardan bugingi kunge deyin. Almaty.